

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«Е. ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
МЕКТЕП – ЛИЦЕЙ -ИНТЕРНАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА  
АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ЖҰМЫС  
ЖОСПАРЫ**

Қызылорда қаласы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«Е. ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
МЕКТЕП –ЛИЦЕЙ - ИНТЕРНАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



«БЕКІТЕМІН»

Мектеп –лицей- интернат

Директоры

Қ. Ақышева

2022ж

**«МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ШЫҢДАУ АРҚЫЛЫ  
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ,  
БІЛІМДІ, ЕҢБЕКҚОР, ОТАНШЫЛ, ЗИЯТКЕР ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУ»  
ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КЕШЕНДІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Педагогикалық кеңесте бекітілді.  
Хаттама №1 « 29 » тамыз 2022 ж

2022-2023 оқу жылы

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ  
ЖҰМЫС ЖОСПАР МАЗМҰНЫ**

**КІРІСПЕ**

1	2020-2021 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі	1-6
2	2022-2023 оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттер	7
3	2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие үдерісінде басшылыққа алынатын мөлшерлік-нұсқаулық құжаттар тізбесі	8-10

**I БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІ**

1.1	Білім беру қызметі	11-13
1.2	Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	14-16
1.3	Қосымша білім беруді қамтамасыз ету	16-23
1.4	Тәрбие қызметі	23-33
1.5	Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	34-38
1.1.2.	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	39-40
1.1.3	Кітапхана қызметі	41-43
1.4.2.	Білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) жұмыс	44
1.4.3.	Жалпымектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстарының жоспары	45

**1.3. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС**

1.3.1.	Директор жанындағы кеңестер	46-49
1.3.2.	Педагогикалық кеңестер	50-51
1.3.3.	Әдістемелік кеңестер	52-53
1.3.4.	Шығармашылықпен айналысатын мұғалімдердің жұмыстарын жинақтау, тарату	54-55
1.3.5.	Пән апталықтары	56

**II БӨЛІМ. ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**

2.1.	Мектепшілік бақылау жоспары	57-62
<b>2.2.КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС</b>		
2.2.1.	Педагог қызметкерлерді аттестаттау	63

### ІІІ БӨЛІМ. ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

#### 3.1. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ҰСТАУ

3.1.1	Ұйымдастыру іс-шаралары	64
3.1.2.	Санитарлық нормалар мен гигиеналық нормативтерді орындау жөніндегі іс-шаралар	65
3.1.3	Материалдық-техникалық базаны жарамды күйде ұстау жөніндегі іс-шаралар	66-70

#### 3.2. ҚАУІПСІЗДІК

3.2.1.	Терроризмге қарсы қорғалу	71
3.2.2.	Өрт қауіпсіздігі	72
3.2.3.	Медициналық қызмет	73-80

**1. Е. ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫНЫҢ  
2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ**

2021-2022 оқу жылында мектеп-интернаты *«Жаһандық құзыреттілік: мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі арқылы білімді, құзырлы, зияткер тұлға тәрбиелеу»* тақырыбында жұмыс жоспарын дайындап, арнайы мектепішілік модель құрастырып жұмыс жүргізді.

**Негізгі миссиясы:** сыни ойлауға қабілетті, жауапкершілікті, бастамашыл, құзыретті тұлға тәрбиелеу

2021-2022 оқу жылының басында қозғалыс есебі бойынша 262 оқушы болды. **Сынып жинағы – 11 сынып.** Оқу жылын соңында **255 оқушы** аяқтады. 7 сынып – 2 (52 оқушы), 8 сынып – 3 (68 оқушы), 9 сынып – 2 (46 оқушы), 10 сынып – 2 (43 оқушы), 11 сынып – 2 (46 оқушы).

2021-2022 оқу жылының білім сапасы төмендегідей көрсеткіштер көрсетті:

**7 сыныптар:** оқушы саны – 52, оның ішінде үздіктер – 16, екпінді оқушылар – 36, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**8 сыныптар:** оқушы саны – 68, оның ішінде үздіктер – 23, екпінді оқушылар – 45, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**9 сыныптар:** оқушы саны – 46, оның ішінде үздіктер – 14, екпінді оқушылар – 32, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**10 сыныптар:** оқушы саны – 43, оның ішінде үздіктер – 17, екпінді оқушылар – 26, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**11 сыныптар:** оқушы саны – 46, оның ішінде үздіктер – 25, екпінді оқушылар – 21, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

2021-2022 оқу жылында білім сапасы мектеп-интернат бойынша 100%, оқу үлгерімі – 100% құрады. Өткен 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда 0,4% артып отыр.

2021-2022 оқу жылында «Алтын белгі» иегерлері – 10, жалпы орта білім туралы «Үздік аттестат» – 14, негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» – 14 оқушы.

**ҰБТ нәтижесі – 112 балл** болды. Мектеп бітіруші 46 оқушының 46-ы мемлекеттік грант иегерлері атанды (100 пайыз)

Мектеп – интернат оқу жоспарындағы вариативті компонент бөлігінен элективті курстар, факультатив сабақтар, оқушының шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін көтеру мақсатында 203 сағат бөлініп, мұғалімдер дайындаған үлгілік оқу бағдарламалар негізінде жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің өмірлік құндылықтары қалыптасып, өмірге бейімделуі және іздену-зерттеушілік қызметі артты, шығармашылық белсенділігі қалыптасты.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстар негізгі үш бағыт бойынша

**Ақпараттық бағыт**

**Консультациялық – диагностикалық бағыт**

**Дамытушылық бағыт** жоспарланып жүргізілді. Мектеп – интернат психологымен бірлесе отырып оқушылардың бейімділігін, қызығушылығын диагностикалау картасы жасалды.

**2021-2022 оқу жылы бойынша түрлі форматтағы байқауларға мектеп-интернат оқушылары 500 –ге жуық қатысты. Оның 350 оқушысы жеңімпаз атанды. Бір оқушы 3 реттен тәуелсіз бақылау байқауларынан өткен.**

Биылғы оқу жылында облыс тарихында алғаш рет Президенттік олимпиаданың финалына 5 оқушы өтіп, оның екеуі күміс медальға ие болды. Сонымен қатар дарынды шәкірттерімізге еліміздегі белді жоғарғы оқу орындарынан білім гранттары табысталды. Мектебіміз «Үздік олимпиадалық мектеп – III орынмен» марапатталды.

Республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінен 18 оқушы үздік нәтиже көрсетіп, 6 оқушы республикалық кезеңде бақ сынады. Нәтижесінде 2 оқушымыз тарих пәнінен қола медальға ие болды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба жарысынан 2 оқушымыз қола медаль иеленіп, ғылымға жол ашты.

Түрлі олимпиада бойынша Облыстық кезең нәтижесінде 17 оқушы жүлдегер атанды. Өскемен қаласында өткізілген Қанипа Бітібаева атындағы олимпиаданың финалында Жорабек Эльмира топ жарды.

Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» аясында өткізілетін іс-шараларға 60 оқушы қатысып, 25-і нәтиже көрсетті. Шығармашылық байқаулар бойынша ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде дарынды шәкіртіміз күміс медальмен және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Мектепте МИНИ-КАМПАРА өз жұмыстарын бастап кеткен. мектепшілік кіші олимпиадалық командалардың үздік дайындығы нәтижесінде юниорлық олимпиададан 3 күміс медаль қоржынымызда.

Әскери-спорттық, интеллектуалдық, тениис және шахмат ойындары бойынша да мектеп оқушылары аймақтық біріншілікте.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыруымен өткізілген өңірлік олимпиада нәтижесінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Әбдіхалықұлы Сайлыбаев атындағы білім грантына мектеп бітіршілер арасынан 2 оқушымыз ұсынылды.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда 2021-2022 оқу жылында басшылыққа алынған мөлшерлік құжаттар:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;

2. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021. – 338б.

#### **2021 - 2022 оқу жылының басымдықтары:**

- Құндылыққа бағытталған тәрбие
- «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы әлеуметтік жобалары;
- Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;

- Рухани-танымдық тәрбие;
- Ұлттық тәрбие;
- Отбасылық тәрбие;
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбие;
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Жылдық жоспар аталған басымдықтардың негізінде жасалынған. Тәрбие саласында қызмет жасаушы қызметкерлердің құрылымы, Құндылыққа бағытталған тәрбие жұмысының жоспары жасалынып, айқын жұмыстар мен жұмысты ұйымдастырулар ерекшеленген. Тәрбие сағаттарының берілуі, сынып жиналыстарының өткізілуі, сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі жоспарға сәйкес жүргізілген. Діни экстремизмге қарсы іс-қимылды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, білім беру ұйымдарындағы наркологиялық бекеттер туралы ережені бекіту туралы Заңның орындалуына байланысты іс-шаралар, Құқықтық тәрбие беру мақсатында жүргізілген жұмыстар, Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау бағытында жүргізілетін іс – шаралар, террористік қорғау және экстремизм идеяларын қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңдылығының орындалуына жұмыстар, «Нәтижеге бағытталған үштікодақ» атты ата-аналар мектебінің жұмысы және ұлттық мерекелерді атап өтуге байланысты іс-шаралар жүргізілген. Тәрбиешілерінің жылдық, айлық жоспарларына сәйкес тәрбие сағаттары , сынып жиналыстары , сыныптан тыс жұмыстары жүргізілген Айына 3 рет тәрбие сағаты 1 сынып жиналысы жоспарға сәйкес өткізілген. Тәрбие сағаттары тәрбиеленушілердің жас ерекшелігіне сәйкес «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының әлеуметтік жобаларының сыныптарға бөлінуі бойынша және құндылыққа негізделген тәрбие беру жобасы бойынша жүргізілген.

Әлеуметтік педагог жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау.

Осы мақсатты басшылыққа алып 2021-2022 оқу жылында мектеп-интернатының әлеуметтік педагогі мына бағыттар бойынша жұмыс жасады:

**1-бағыт** – Балалар мен отбасының мүшелеріне психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістері негізде жұмыс жүргізу

**2-бағыт** – Отбасы мен балаларға нақты әлеуметтік-педагогикалық көмек формаларын ұсыну

**3-бағыт** – Бала тұлғасы дамуының бұзылуы себептерін анықтап, алдын-ала сақтандыру шараларын, үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру;

Мектеп-интернатқа жаңадан қабылданған оқушыларға диагностика жасалып, алынған нәтижелерді талдап, түзету-дамыту жұмыстары және де түзете-дамытып оқытудағы сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын дамытуға бағытталған жұмыстар жасалынды. Ата-аналар мен оқушыларға жеке кеңестер берілді. Мектеп-интернатта әлеуметтік көмек қажет ететін бала саны – 5. Оның

ішінде көп балалы отбасынан шыққан бала – 74, аз қамтылған – 5, толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушы – 15, өгей анамен және өгей әкемен тұратын балалар болған жоқ.

**Жоғарыда аталған мақсат пен міндеттерге сүйене отырып, психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді:**

I. Психодиагностика.

II. Түзету-дамыту бағыты.

III. Кеңес беру.

IV. Профилактикалық - ағартушылық бағыт.

V. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты.

### **I. Психодиагностикалық бағыты бойынша**

Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында 7-8 сынып оқушыларынан әдістеме: (Лусканова) бойынша, оқушылардың мінез-құлық типін анықталып, ішкі бақылауға 11 оқушы алынды. Қарым-қатынас деңгейін анықтау мақсатында 7-8 сынып оқушыларынан әдістеме, қабілеті жоғары оқушылардың базасын жасау үшін дарындылық картасы жасалды. Қосымша діни экстремизмнің алдын алу, нашарлықтың, түрлі қылмыстың алдын-алу мақсатында тест, сауалнамалар алынды.

### **II. Түзету-дамыту бағыты бойынша**

7-8 сынып оқушыларымен психологиялық бейімдеу сабақтары, 11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ға байланысты психологиялық тренингтер «Біз ҰБТ-ға сеніммен барамыз!», «Үміт, сенім бізді алға жетелейді», «Бәрімізде мақсат бір!» т.б. 9-10 сынып оқушыларымен топтық жұмыс, тренингтер «Жетістікке жету өз қолыңда», «Менің қолымнан бәрі келеді», «Эмоциямды басқара білемін бе?» т.б тақырыптарында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 7-8 сынып оқушыларына спорттық-психологиялық ойын, үрлеу немесе түтікше арқылы сурет салу, «Армандар картасы» т.б тақырыптарда жүргізілді.

### **III. Кеңес беру.**

Сауалнама нәтижесі бойынша 8 оқушымен, өз еркімен сабақ, отбасы, мамандық мәселелері бойынша 5 оқушы кеңес алды. Кеңестер өз деңгейінде нәтиже беріп, 2 ата-ана алғысын білдірді.

### **IV. Профилактикалық - ағартушылық бағыт.**

Сынып кураторларымен бірлесе отырып ата – аналарға семинар, оқушыларға дәрістер өткізілді. Қосымша эссе, дөңгелек үстелдер, тренингтер ұйымдастырылды.

### **V. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты бойынша**

Арнайы мамандарды шақырту арқылы түрлі тақырыпта психологиялық жиналыстар ұйымдастырылды.



Жалпы саны психодиагностика бағыты бойынша 10, түзету-дамыту бағыты бойынша 29, әлеуметтік диспетчерлік 10 және ағартушылық 6, кеңес беру бойынша 12 психологиялық жұмыс жүргізілді.

Мектеп-интернатымызда 2021-2022 оқу жылы бойынша 19 сыныптан тыс ақысыз негізде үйірме жұмыстары ұйымдастырылды. Үйірме жұмыстарының негізгі мақсаты: оқушылардың өмірлік құндылықтарын қалыптастыра отырып, өмірге бейімделуін және іздену-зерттеушілік қызметін ұйымдастыру, шығармашылық белсенділігін көтермелеу. Дара тұлғаны дамыту үшін жағдайлар жасау. Ақысыз негіздегі үйірме жұмыстары спорттық және әскери, тілдік, шығармашылық, өнер, ақыл-ой, ғылыми-техникалық және экологиялық бағыттарды қамтыды. Үйірме жұмыстарымен қамтылу бойынша мектеп-интернатымыздың 255 оқушысы қатысып, мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің 100%-н қамтыды.

Кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда. Кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы кітапханашылар.

Кітапхана жұмысы да жаңалыққа толы құмарлықпен басталады. 2021-2022 оқу жылында іс-шара жұмыстары мектеп-интернат кітапханасында өткізілді.

2021-2022 оқу жылына облыстық білім басқармасынан 1500 дана оқулық сұранысқа сәйкес алынды.

Мектеп-интернат кітапханасында «Коворкинг» орталығы жасақталып, аталған орталықтың жылдық жұмыс жоспары дайындалды. Жыл бойына көптеген тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар, кітап көрмелері онлайн форматында өткізілді. Атап айтатын болсақ:

- «Ауғанның асуында от кешкендер» атты кездесу кеші,
- «Кітап – ғаламтор кеңістігінде» кітапханалық сабақ,
- «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты виртуалды кітап көрмесі,
- «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай жалпы халықтық оқуға ұсынылған Жүмекен Нәжімеденовтың «Менің Қазақстаным» кітабы бойынша дайындалған челленджі.

Облыстық және қалалық мектеп кітапханашыларына арналған білім беру ұйымдары кітапханашыларының «Оқуға құштар мектеп» жобасына арналған сабақтар өткізілді. Жылдың жаңалығы ретінде «QaznaLibrary» бағдарламасын орнатылып, қазіргі таңда жұмыс жасалуда.

### **Педагог кадр әлеуеті**

Мектеп-интернатта 47 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде: педагог-шебер – 3 (6,4%), педагог-зерттеуші – 14 (29,7%), педагог-сарапшы – 12 (25,5%), педагог-модератор – 5 (10,6%), жоғары санатты – 2 (4,2%), санаты жоқ мұғалім үлесі – 11 (23,4%) құрады. Магистрлер саны – 8 (17%).

2021-2022 оқу жылында 37 пән мұғалімі біліктілік курстарынан өтті. Оның ішінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өткізілкен курстан –

2, «Өрлеу» БАҰО – 3, «Педагогикалық шеберлік орталығы» – 19, «Bilim Media Group» – 10, Білім мазмұнын дамыту институты – 3 мұғалім біліктіліктерін арттырды.

2021-2022 оқу жылында мұғалімдер түрлі кәсіби байқауларға қатысты. Атап айтқанда, VIII Халықаралық шығармашылық байқауында математика пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Жиенбаев Шаймағанбет Байдүйсенұлы және физика пәнінің мұғалімі, педагог-модератор Нұрмаханов Орынбек Данабекұлы III орын жеңімпазы, биология пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы Тынымбек Жазира Нұрланқызы Республикалық «Дарынды балаға – талантты ұстаз» байқауында I орын, химия пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Болатқызы Салтанат Республикалық «Үздік педагог 2021» байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы атанып, Облыс әкімінің 300 АЕК мөлшеріндегі бір жолғы сыйақысын иеленді. Сонымен қатар, биология пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы Тынымбек Жазира Нұрланқызы, география пәнінің мұғалімі Паттеева Мақпал Есенәліқызы Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама – 2022» байқауының облыстық кезеңінде I орын жеңімпаздары атанды. Жыл қорытындысы бойынша математика пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Жиенбаев Шаймағанбет Байдүйсенұлы, физика пәнінің мұғалімі педагог-модератор Нұрмаханов Орынбек Данабекұлы, биология пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы Тынымбек Жазира Нұрланқызы «Жыл үздігі 2021» номинациясының иегері атанды.

2021-2022 оқу жылында мұғалімдер ұстаздық атқарған еңбектерінің нәтижесінде математика пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Жиенбаев Шаймағанбет Байдүйсенұлы ҚР Президентінің жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен, ҚР Білім және ғылым министрінің «Алғыс хатымен» – 1, РҒПО «Дарын» орталығы директорының «Алғыс хатымен» – 1, Қызылорда облысы әкімінің «Алғыс хатымен» – 2, Қызылорда қаласы әкімінің «Алғыс хатымен» – 8, Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының «Құрмет грамотасымен» – 11, «Алғыс хатымен» – 14, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасарының «Алғыс хатымен» – 8, Қызылорда облыстық білім және ғылым қызметкерлінің кәсіподақ ұйымының «Құрмет грамотасымен» – 3, «Алғыс хатымен» – 1, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының «Алғыс хатымен» – 13, «Жастар ресурстық орталығы» директорының «Алғыс хатымен» – 10.

2021-2022 оқу жылы бойынша мектеп-интернат XIV Президенттік олимпиаданың Республикалық кезеңі бойынша III дәрежелі «Ең үздік олимпиадалық мектеп», жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде жаратылыстану – математикалық бағыт бойынша III дәрежелі «Ең үздік олимпиадалық мектеп», жыл қорытындысы бойынша мектеп-интернат «Үздік идеялар жаршысы – 2021» номинациясының иегері атанды.

**Е. ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫНЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**Жұмыс тақырыбы:**

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін шыңдау арқылы оқушылардың функционалды сауаттылықтарын арттыру, білімді, еңбекқор, отаншыл, зияткер тұлға тәрбиелеу

**Мектеп миссиясы:** сыни ойлауға қабілетті, жауапкершілікті, бастамашыл, еңбекқор, отансүйгіш, құзыретті тұлға тәрбиелеу

**Мақсаты:**

1. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау, бақылау, бағалау, көмек көрсету, әдістемелік бірлестіктердегі ғылыми әдістемелік жұмыстардың жандануына педагогикалық ықпал жасау
2. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі негізінде білім берудің заманауи сапасын арттыру (мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі туралы ақпараттық банк құру);
3. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыру үшін оқытудың жаңа заманауи әдіс-тәсілдерін қолдану және білім алушылардың танымдық және жасампаздық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау;
4. Білім беру үдерісіне мектеп әлеуеті өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылау мен зерттеу жұмыстарының жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу;
5. Оқу-тәрбие үдерісін жаңа технологиялармен байыту арқылы жаһандық бәсекеге қабілетті, білімді, зияткер тұлға қалыптастыру;
6. Оқушылардың логикалық шығармашылық әлеуетін, танымдық, зерттеушілік интеллектілерін қалыптастыру;

#### **4. 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН МӨЛШЕРЛІК-НҮСҚАУЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);
3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);
4. «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;
5. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
6. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
7. «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);
8. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);
9. «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы);
10. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);
11. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы);
12. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да

- азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);
13. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);
  14. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығы);
  15. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);
  16. «Мамандандырылған Білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);
  17. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);
  18. «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);
  19. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);
  20. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
  21. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы);
  22. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);
  23. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы);

24. «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);
25. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);
26. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);
27. «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);
28. «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы);
29. «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы).

## I БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІ

Іс-шараның атауы	Мерзімі	Жауапты
<b>БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ</b>		
<b>ТАМЫЗ АЙЫ</b>		
Оқу сыныптарын 2022-2023 оқу жылына жинақтау	Тамыз	ДОЖО
2022-2023 оқу жылына оқу үрдісі жөніндегі әдістемелік хатымен таныстыру. 2022-2023 оқу жылындағы оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері	29.08.2022	ДОЖО
Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу	Тамыз	ДОЖО
Оқу кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындығын тексеру	01.09.2022 дейін	Бекітілген комиссия
Бірлестік жетекшілерін, сынып жетекшілерді, тәрбиешілерді бекіту	Тамыз	ДОЖО
2022-2023 оқу жылына мұғалімдердің оқу жүктемелерін бөлу	Тамыз	ДОЖО
Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілу деңгейін бақылау	Тамыз	ДОЖО, кітапханашы
<b>ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ</b>		
Ұлттық білім беру деректер қорын жаңарту, толтыру	Қыркүйек	ДОЖО
Сабақ кестесін бекіту	01.09.2022 дейін	ДОЖО
Кабинет меңгерушілерін, жас мұғалімдерге тәлімгер тағайындау	02.09.2022 дейін	ДОЖО
2022-2023 оқу жылына бекіту: а) оқу жұмыс жоспарларын	01.09.2022 дейін	ДОЖО
ә) оқу кабинеттерінің паспорттарын	01.09.2022 дейін	Кабинет меңгерушілері
б) мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын	01.09.2022 дейін	Мұғалімдер
в) үйірме жұмыс жоспарларын, ақылы үйірме жұмыс жоспарларын	01.09.2022 дейін	Мұғалімдер
Оқушылардың қозғалыс есебін тапсыру. Статистикалық есеп тапсыру	05.09.2022	ДОЖО
Бақылау: Пәндер бойынша кіріс бақылау жұмысын ұйымдастыру	Бір ай ішінде	ДОЖО
Тілдер бірлестіктерінің стандартқа сай жүргізілуін бақылау	19.09.2022- 30.09.2022	ДОЖО
Kundelik.kz электронды журналын талапқа сай толтыруын қадағалау	Қыркүйек	ДОЖО
Жұмыс уақытының есеп табелін құру	Әр айдың 20 күні	ДОЖО
<b>ҚАЗАН АЙЫ</b>		
I тоқсанда алынатын БЖБ, ТЖБ кестесін бекіту	Қазан	ДОЖО
Жас мамандардың сабақтарына қатысу	Бір ай бойы	ДОЖО
БЖБ және ТЖБ жазба жұмыстарының алынуын бақылау	Қазан	ДОЖО

Жаратылыстану және информатика пәндері бірлестігінің стандартқа сай жүргізілуін бақылау	11.10.2022- 22.10.2022	ДОДЖО
Жұмыс уақытының есеп табелін құру	Әр айдың 20 күні	ДОДЖО
<b>ҚАРАША АЙЫ</b>		
I тоқсан бойынша білім сапасы төмен пайыз көрсеткен оқушыларды анықтау, жеке жұмыс жоспарларын құру	05.11.2022 дейін	ДОДЖО
«Алтын белгі», «Үздік аттестатқа» үміткер оқушылардың білім сапасын бақылау	Қараша	ДОДЖО
Оқушылардың қозғалыс есебін тапсыру	Қараша	ДОДЖО
Жұмыс уақытының есеп табелін құру	Әр айдың 20 күні	ДОДЖО
<b>ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ</b>		
II тоқсанда алынатын БЖБ, ТЖБ кестесін бекіту	Желтоқсан	ДОДЖО
Қоғамдық және география пәндері бірлестігінің стандартқа сай жүргізілуін бақылау	05.12.2021- 15.12.2021	ДОДЖО
7 сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің сабақтарын қатысу	Желтоқсан	ДОДЖО
БЖБ және ТЖБ жазба жұмыстарының алынуын бақылау	Желтоқсан	ДОДЖО
II тоқсан бойынша білім сапасы төмен пайыз көрсеткен оқушыларды анықтау, жеке жұмыс жоспарларын құру	01.01.2023 дейін	ДОДЖО
<b>ҚАҢТАР АЙЫ</b>		
II тоқсан бойынша білім сапасының нәтижелерінің талдауы	Бірінші апта	ДОДЖО
Физика және математика пәндері бірлестігінің стандартқа сай жүргізілуін бақылау	16.01.2023- 27.01.2023	ДОДЖО
8 сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу	Қаңтар	ДОДЖО
ӘБ жұмыстары жөнінде I жартыжылдық бойынша есептер	Екінші апта	ДОДЖО
Оқушылардың қозғалыс есебін тапсыру	Қаңтар	ДОДЖО
Жұмыс уақытының есеп табелін құру	Әр айдың 20 күні	ДОДЖО
<b>АҚПАН АЙЫ</b>		
III тоқсанда алынатын БЖБ, ТЖБ кестесін бекіту	Ақпан	ДОДЖО
9 сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің сабақтарын қатысу	Қараша	ДОДЖО
Кураторлар бірлестігінің стандартқа сай жүргізілуін бақылау	06.02.2023- 17.02.2023	ДОДЖО
Жұмыс уақытының есеп табелін құру	Әр айдың 20 күні	ДОДЖО
<b>НАУРЫЗ АЙЫ</b>		
10 сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу	Наурыз	ДОДЖО
БЖБ және ТЖБ жазба жұмыстарының алынуын бақылау	Наурыз	ДОДЖО
Тәрбие бірлестігінің стандартқа сай жүргізілуін бақылау	01.03.2023- 10.03.2023	ДОДЖО
III тоқсан бойынша білім сапасы төмен пайыз көрсеткен оқушыларды анықтау, жеке жұмыс жоспарларын құру	20.03.2023 дейін	ДОДЖО



Оқушылардың қозғалыс есебін тапсыру	Наурыз	ДОЖО
Жұмыс уақытының есеп табелін құру	Әр айдың 20 күні	ДОЖО
<b>СӘУІР АЙЫ</b>		
Жалпы пәндер бірлестіктерінің стандартқа сай жүргізілуін бақылау	03.04.2023- 14.04.2023	ДОЖО
«Алтын белгі», «Үздік аттестатқа» үміткер 9,11 – сынып оқушыларының құжаттарын тексеру	Бірінші апта	Мектеп жанынан құрылған комиссия
Бақылау: 9-11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық сапасы	Үшінші апта	ДОЖО
Kundelik.kz электронды журналын талапқа сай толтыруын қадағалау	Сәуір	ДОЖО
Жұмыс уақытының есеп табелін құру	Әр айдың 20 күні	ДОЖО
<b>МАМЫР АЙЫ</b>		
Оқу жылының аяқталуы туралы-шаралар (бұйрық), Емтиханға дайындық барысы, емтихан комиссиясын бекіту	Мамыр	ДОЖО
IV тоқсанда алынатын БЖБ, ТЖБ кестесін бекіту	Мамыр	ДОЖО
Оқушылардың сыныптан – сыныпқа көшіру, емтиханға жіберу және босату мәселелері	Мамыр	ДОЖО
7 сынып оқушыларынан негізгі пәндер бойынша сынақ тестін алу	Мамыр	ДОЖО
2023-2024 оқу жылына элективті курстар тақырыптарын анықтау	25.05.2023 дейін	ДОЖО
IV тоқсан мен жыл бойынша оқу үлгерімі сараптамасы	22.05.2023	ДОЖО
<b>МАУСЫМ АЙЫ</b>		
Оқушылардың қозғалыс есебін тапсыру	01.06.2023 дейін	ДОЖО
Мұғалімдер, оқу кабинеттерінің меңгерушілері, үйірме жұмыстары жөнінде есептер	01.06.2023 дейін	Пән мұғалімдері, кабинет меңгерушілер, үйірме жетекшілері
Емтихандарды өткізу. Емтихан құжаттарының сапалы толтыруын бақылау	Маусым	ДОЖО
Емтиханбағалары мен күнделік кз журналдарын толтыру	01.06.2023 дейін	ДОЖО
Жоғарғы мектепті бітіргендігі туралы аттестаттар мен негізгі мектепті бітіргені туралы куәліктерді толтыру, табыстау	15.06.2023 дейін	ДОЖО
Куәлік аттестатты тіркеу журналына толтыру	15.06.2023 дейін	ДОЖО
2022-2023 оқу жылына оқу бөлімінің жұмыстарының есебі	15.06.2023 дейін	ДОЖО
Жұмыс уақытының есеп табелін құру	Әр айдың 20 күні	ДОЖО

<b>ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ</b>		
<b>ТАМЫЗ АЙЫ</b>		
Жылдық жұмыс жоспар жасау, бекіту	26.08	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
Мектепшілік тамыз кеңесі «Саналы ұрпақ: терең білім, еңбекқорлық пен Отансүйгіштік қасиет»	26.08	ДБОЖО
№1 Әдістемелік кеңес	25.08	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
№1 Педагогикалық кеңес	29.08	Мектеп әкімшілігі
2021-2022 оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттер		
Таңдау және элективті курс жоспарларын бекіту	29.08	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
Жас мамандар мектебінің құрамын толықтыру, ұйымдастыру жұмыстары	31.08	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
<b>ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ</b>		
Мұғалімдердің вариативті (жылжымалы) бөліктегі сабақтар бойынша сағаттарына түсіндірме жұмыстары, оқушыларды топтарға бөлу, таңдау пәндері бойынша сыныптарға бөлу, сабақ кестесін жасау	01.09.2022-05.09.2022	ДБОЖО
Таңдау және бейіналды курстар бойынша оқушылардың өтініштеріне мониоринг жасау (7-10-сыныптар)	05.09.2022-10.09.2022	Жас мамандар, тәлімгерлер
10-11-сынып оқушыларының таңдау пәндері бойынша топтарға бөлу, сабақ кестесін жасау	01.09.2022-05.09.2022	Кураторлар, ДБОЖО
«Жас толқын» жас мамандармен жұмыс жоспарын бекіту	01.09.2022-05.09.2022	Кураторлар ДБОЖО
Бекітілген жас мамандар мен олардың тәлімгерлерінің жұмыс жоспарын тексеру, бекітіру	01.09.2022-05.09.2022	Кураторлар ДБОЖО
9-11 сынып оқушыларына кәсіптік диагностика жүргізу	10.09.2022-15.09.2022	Кураторлар ДБОЖО
Ұлттық бірыңғай тестке және оқушы жетістігін сырттай бағалауға дайындық жұмыс жоспарын құру және бекіту	20.09.2022-21.09.2022	Кураторлар ДБОЖО
Шығармашылық топ жұмыстарының жұмыс жоспарларын бекіту	05.09.2022	Кураторлар ДБОЖО
<b>ҚАЗАН АЙЫ</b>		
Жас мамандарға арналған коучингтер	04.10.2022	ДБОЖО (мектеп психологы)
№2 Әдістемелік кеңес	16.10.2022	ДБОЖО
«Мамандық таңдауда не маңызды?»	20.10.2022-24.10.2022	Кураторлар, ДБОЖО

7-10-сынып оқушыларынан білім тексеру сынақтарын алу	20-26.10	ДОЖО, ДБОЖО
«Елін сүйген ер аға» атты мектепшілік Әуелбеков апталығы	уақытында	ДБОЖО
<b>ҚАРАША АЙЫ</b>		
№2 Педагогикалық кеңес	07.11.2022	Мектеп әкімшілігі
Жас мамандарды шығармашылықпен жұмысқа баулу, әдістемелік көмек көрсету	Уақытында	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
Мамандық әлеміндегі – МЕН	19.11.2022	Кураторлар, психолог
<b>ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ</b>		
Жас мамандарға психологиялық қолдау «Мен қандай педагогпын?» тренинг	08.12.2022	ДБОЖО, психолог
7-10-сынып оқушыларынан білім тексеру сынақтарын алу	20.12.2022- 22.12.2022	Кураторлар, ДБОЖО
ҰБТ-ға дайындық сабақтарының және оқушылардың сынама тесттер бойынша мониторинг	18.12.2022- 23.12.2022	Кураторлар, ДБОЖО
<b>ҚАҢТАР АЙЫ</b>		
№3 педагогикалық кеңес Жеке тұлға қалыптастырудағы ұлттық құндылықтардың негізі	05.01. 2023	Мектеп әкімшілігі
№3 Әдістемелік кеңес	07.01. 2023	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
Алдыңғы қатарлы тәжірибені тарату	17.01- 20.01. 2023	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
Жас мамандардың сабақтарына қатысу. Сабақты анализдеу	27.01.- 31.01. 2023	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
«Педагогикалық идеялар» фестивалі байқауы	08.01. 2023	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
<b>АҚПАН АЙЫ</b>		
«Жаңашыл мұғалім» мектепшілік конкурс	Ақпан	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
«Таңдаулы сабақ» тақырыбындағы психологиялық сауалнама	Ақпан	ДБОЖО, психолог
Мамандық таңдаудағы ата-ананың көмегі	Ақпан	Кураторлар, Д БОЖО, ата- аналар
<b>НАУРЫЗ АЙЫ</b>		
Жас маманның коммуникативтік ынтасымен іскерлігін анықтау (сауалнама)	наурыз	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
№4 Әдістемелік кеңес	15.03.2023	Бірлестік

		жетекшілері, ДБОЖО
№4 педагогикалық кеңес Оқушы дарындылығының дамуына мұғалім шеберлігінің ықпалы	26.03.2023	Мектеп әкімшілігі
<b>СӘУІР АЙЫ</b>		
Болашақтың бастауы -жақсы мамандық	Сәуір	ЖОО мамандары, ДБОЖО
«Үздік педагог -2023» мектепшілік, обылыстық байқаулары	Сәуір	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
<b>МАМЫР АЙЫ</b>		
«Таңдау курсы- 2022» (2022-2023 оқу жылында жүргізілген факультатив, қолданбалы курс, үйірме сабақтары бойынша өзара іс-тәжірибе алмасу	17.05.2023	ДБОЖО, бірлестік жетекшілері
№5 Әдістемелік кеңес	14.05.2023	
Ұстазы жақсының ұстамы жақсы (тәлімгерлер мен тәлім алушылар)	12.05.2023	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО
№5 педагогикалық кеңес Оқу жылын аяқтау: қорытындылар, нәтижелер, ұсыныстар	27.05.2023	Мектеп әкімшілігі
<b>МАУСЫМ АЙЫ</b>		
2022-2023 оқу жылында жүргізілген жүргізілген варитаивті бөлік сабақтарының есебі	Маусым	ДБОЖО, бірлестік жетекшілері
Жас мамандар мектебінің есебі	Маусым	ДБОЖО, бірлестік жетекшілері
№6 педагогикалық кеңес	Маусым	Мектеп
<b>ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ</b>		
<b>ТАМЫЗ АЙЫ</b>		
2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын дайындау және бекіту	Тамыз	Г. Бақыт
<b>ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ</b>		
7-сынып оқушыларының бейінін анықтайтын диагностикалық сауалнама алу және мониторинг шығару	Алғашқы онкүндікте	Г.Бақыт
Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба жарыстарына қатысатын оқушыларды тіркеу	5.09.2022	Г.Бақыт
«Балалар әлемі» жобасы шеңберінде Республикалық Балалар оқулары байқауының мектепшілік кезеңін ұйымдастыру	Екінші онкүндікте	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері
«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығы республикалық көрме-байқауын өткізу	6.09.2022	Технология пән мұғалімдері
«Театрдың ғажайып әлемі» - театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауының мектепшілік кезеңін өткізу	7.09.2022	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» - инновациялық идеялардың республикалық байқауының мектепішілік кезеңін өткізу	12.10.2021	Г.Бақыт Пән мұғалімдері
Президенттік олимпиаданың мектепішілік кезеңін ұйымдастыру	13.09.2022	Г.Бақыт С.Бекжанова
«Менің Отаным – Қазақстан» - туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетініне оқушы қатыстыру	23.09.2022	Б.Тоғызбаев
Олимпиада дайындық курсына оқушыларға арналған мектепішілік олимпиада ұйымдастыру	27-28.09.2022	Г.Бақыт
Facebook желісінде оқушы жетістіктерін жариялау	Мерзімінде	Г.Бақыт
<b>ҚАЗАН АЙЫ</b>		
5-9 сынып оқушылары арасында «Ұстазым менің, ұстазым...» мектепішілік шығармалар байқауы	Мерзімінде	Г.Бақыт Кураторлар Тәрбиешілер
«Менің кіші Отаным» атты ІҮ республикалық интеллектуалдық конкурсының бірінші кезеңі	02.10.2022	Тарих пән мұғалімдері
«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығы республикалық көрме-байқауын өткізу	Мерзімінде	Технология пән мұғалімдері
Ұстаздар мерекесі күніне орай 1-10 сынып оқушылары арасында «Мектебің – алтын ұя жарқыраған, Ұстазың – бұлақ көзі сарқыраған» мектепішілік бейнероликтер байқауын өткізу	Мерзімінде	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері
Астрономия және астрофизиканың заманауи проблемалары бойынша оқушылар олимпиадасына қатысу	Мерзімінде	Г.Бақыт Физика пән мұғалімдері
«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» - инновациялық идеялардың республикалық байқауының мектепішілік кезеңін өткізу	12.10.2022	Г.Бақыт Пән мұғалімдері
8-9-сынып оқушыларына арналған юниорлық олимпиадасының мектепішілік кезеңін ұйымдастыру	Мерзімінде	Г.Бақыт
Лингвистикадан республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі	16.10.2022	Ағылшын тілі пән мұғалімдері
7-9 сынып оқушылары арасындағы «Экология және біз» мектепішілік (тест, эссе) конкурсының І –ші кезеңін ұйымдастыру	16.10.2022	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері
«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық байқаудың мектепішілік кезеңі	19.10.2022	Кураторлар Пән мұғалімдері
Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың І (мектепішілік) кезеңін ұйымдастыру	20.10.2022	Г.Бақыт
«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» - инновациялық идеялардың республикалық байқауының республикалық кезеңін өткізу	Мерзімінде	Пән мұғалімдері
Халықаралық гроссмейстер Дәрмен Сәдуақасов кубогына арналған республикалық шахмат турнирінің мектепішілік кезеңін ұйымдастыру, қорытынды кезеңге ұсыныс беру	Мерзімінде	АӘД оқытушысы С.Жұмағұлов
«Ясауитану» халықаралық білім байқауының мектепішілік	Мерзімінде	Қазақ тілі мен

кезеңін ұйымдастыру, қорытынды кезеңге қатысуға ұсыныс беру		әдебиеті және тарихпән мұғалімдері
Химия пәнінен Қ. Сәтпаев атындағы IV республикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңін ұйымдастыру	22.10.2022	Болатқызы Салтанат
«Ел ертеңі – білімді жастар» мектепшілік ақындар мұшайрасын өткізу	Мерзімінде	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері
А.Фейзулдаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 7-9 сынып оқушыларына арналған мектепшілік олимпиаданы өткізу	Мерзімінде	
Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының мектепшілік кезеңін ұйымдастыру	27.10.2022	Мектеп әкімшілігі
Юниорлық олимпиадасының қорытынды кезеңіне оқушы қатыстыру	28.10.2022	Г.Бақыт М.Елібаев
Е.Әуелбеков атындағы жаратылыстану пәндері бойыншамектепшілік пәндік олимпиада	Мерзімінде	Пән мұғалімдері
Е.Әуелбеков атындағы мектепшілікSTEM ғылыми жобасы	Мерзімінде	
Жас ғалымдар арасындағы этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісіне арналған мектепшілік ғылыми жобалар байқауын ұйымдастыру	Мерзімінде	Тарих пән мұғалімдері
Оқушылар арасында әл-Фараби атындағы республикалық олимпиадаға оқушы қатыстыру	30.10.2022	Пән мұғалімдері
Қашықтық олимпиадаларын ұйымдастыру	Мерзімінде	Пән мұғалімдері
Facebook желісінде оқушы жетістіктерін жариялау	Мерзімінде	Г.Бақыт
<b>ҚАРАША АЙЫ</b>		
«Менің кіші Отаным» - жас тарихшылардың мектепшілікинтеллектуалдық байқауынкашықтан әлеуметтік желі арқылы өткізу	Мерзімінде	Тарих пән мұғалімдері
Президенттік олимпиаданың I (өңірлік) кезеңін ұйымдастыру	03.11.2022	Пән мұғалімдері
Химия пәнінен Қ. Сәтпаев атындағы IV республикалық олимпиадасының облыстық кезеңіне оқушы қатыстыру	03.11.2022	Г.Бақыт Химия пән мұғалімдері
Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының мектепшілік кезеңін ұйымдастыру (I тыңдалымдағы қателіктермен жұмыс нәтижесі)	06.11.2022	Мектеп әкімшілігі
Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңін II рет ұйымдастыру (дайындық сапасын бақылау)	10.11.2022	Г.Бақыт
9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық лингвистикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне қатысу	11.11.2022	Ағылшын тілі пән мұғалімдері
«Ақ шағала» - мектепшілік хореографиялық фестиваль байқауы	12.11.2022	С.Жүсіпова

